«БЕКІТЕМІН»
М.Әуезов атындағы ОҚЗУ-нің
Басқарма мүшесі - академиялық
мәселер жөніндегі проректор
_____ Кудретуллаева Р.О.
«____» _____2026 жыл

«КІТАП ОҚИТЫН УНИВЕРСИТЕТ» конкурсының ережесі

1. Жалпы ереже

Мақсаты: Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2026 жылғы 16 мамырдағы «Кітап оқу мәдениетін дамыту және зерделі ұлт қалыптастыру жөніндегі шаралар туралы» Жарлығын қолдау, білім алушылар арасында кітап оқу мәдениетін қалыптастыру, көркем және ғылыми әдебиеттерге қызығушылықты арттыру, кітап арқылы білім алуға, сыни ойлауға және шығармашылық ізденіске ынталандыру.

М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан зерттеу университетінің білім алушыларының арасында оқу мәдениетін қалыптастыру, сыни және аналитикалық ойлауды дамыту, университет қабырғасында интеллектуалды орта құру.

Қатысушылар: Университеттің білім алушылары (бакалавр, магистратура және докторантура).

2. Жобаның кезеңдері мен мерзімі

Тіркелу кезеңі: 2026 жылдың қыркүйек, қазан, қараша айлары (онлайн тіркелу). университет кітапханасы АББО-ның ресми сайтында http://lib.ukgu.kz/ берілген https://forms.gle/f5K3u5xF72tmmnH7A сілтеме арқылы.

Кітап оқу кезеңі: Қыркүйек , қазан, қараша, желтоқсан.
Бағалау және қорытынды: Желтоқсан
(Тестілеу, видео рилс, эссе және жеңімпаздарды анықтау).

3. Қатысу шарттары мен талаптары

Кітап саны: Республикалық кітап оқу марафонындағы «Кітап оқитын университет» бағытында ұсынылған **15 кітапты** оқып шығуы тиіс
Кітаптар тізімі: Ұсынылған тізімге отандық әдебиет, әлем классикасы және заманауи авторлардың шығармалары кіреді.

4. Іріктеу кезеңі

I кезең

Кітаптың мазмұны бойынша тестілеу онлайн- 40 сұрақ - 40 балл

Оқылған 15 кітап бойынша тест тапсырады.
Әр кітаптан 15 сұрақтан алынады .
1-сұрақ 1 баллмен бағаланады.
Тест тапсыру толық уақыты 40 минут.
34-40 балл жинаған қатысушы 2 кезеңге өтеді.
Сұрақтар кітаптың мазмұнын ғана емес, идеясы мен кейіпкерлерін түсінуді тексереді.

II кезең

Креативті буктрейлер - 40 балл

Қатысушылар өзіне ұнаған бір кітабы жайлы видео рилс жасап, оны өз аккаунтынан @auezov_university және @/lib.uku инста парақшаларына #ӘуезовКітапКонкурс хэштэг белгілеп рилсты жариялайды.
Ұзақтығы 4 минуттан аспауы керек.

- ✓ оқиға желісі баяндалады;
- ✓ автордың позициясын;
- ✓ кейіпкерлердің әрекетін;
- ✓ үзіндінің шығармадағы маңызын түсіндіреді;
- ✓ видеорилс қаралымдары есепке алынады.

III кезең

Шығармашылық талдау Эссе - 20 балл

Қатысушы көлемі - 300-600 аралығындағы сөз қамтылған эссені эл.почтаға lib.auezov@gmail.com жібереді.

- ✓ Хат нақты **шығарма авторына бағытталуы** тиіс.
- ✓ Шығарманың негізгі идеясы мен көтерген мәселесіне қатысты ой болуы керек.
- ✓ Кемінде **бір нақты мысал немесе эпизод** келтірілуі тиіс.

5. Бағалау парағы

1 кезең	Әр дұрыс жауапқа 1 балл беріледі.	40 балл
2 кезең	Шығарманы түсінуі және талдауы	– 10 балл
	Өз ойын жүйелі жеткізуі	- 10 балл
	Кітапты өмірмен байланыстыруы	- 10 балл
	Сөйлеу мәдениеті	- 10 балл
	Барлығы	**- 40 балл**
3 кезең	Шығармашылық және түпнұсқалық	- 10 балл
	Сауаттылығы мен тіл мәдениеті	- 10 балл
	Барлығы	- 20 балл

6. Марафон жеңімпаздарын марапаттау

Жеңімпаздар мен үздік оқырмандарға ақшалай сыйлықтар табысталады:

І-орын – 1000 000 тенге

ІІ-орын - 500 000 теңгеден жүлде қоры екі адамға

ІІІ-орын - 300 000 теңгеден жүлде қоры екі адамға

Номинациялар:

- Зерделі оқырман -100 000 тенге
- Креативті буктрейлер-100 000 тенге
- Қаламгермен сырласу-100 000 тенге
- Жас жүйрік оқырман-100 000 тенге

Ескерту: Бағалаушылар әр қатысушыға жеке балл қояды. Қорытынды балл барлық кезең нәтижесінің қосындысы арқылы анықталады.

Комиссия мүшелері

1. Құдретуллаева Рысгүл Орынбасарқызы - М.Әуезов атындағы ОҚЗУ-нің Басқарма мүшесі – академиялық мәселелер жөніндегі проректор.
2. Ақжол Қалшабек Батырұлы - қазақстандық белгілі ғалым, филология ғылымдарының кандидаты, доцент, абайтанушы және мұхтартанушы.
3. Әзімхан Исабек –қазақстандық жас ғалым, абайтанушы және әуезовтанушы, PhD докторант, М.Әуезов атындағы ОҚЗУ баспасөз хатшысы.
4. Назарбек Ұлжалғас Бақытқызы - химиялық технология саласының ғалымы, PhD докторы және профессор, Академиялық ғылым департаментінің директоры.
5. Тұрлыбек Эльмира Жапарбековна - М.Әуезов атындағы ОҚЗУ-нің Медиа орталық басшысы.
6. Ерасыл Анарханұлы - М.Әуезов атындағы ОҚЗУ-нің Жастар орталығының басшысы.
7. Жұмабаева Бота Әленқызы-Ақпараттық білім беру орталығының сектор меңгерушісі.
8. Анар Абусайылқызы Жаппарқұлова - Әль-Фараби атындағы қалалық ғылыми-әмбебап кітапханасының директоры.
9. Нұрила Серікбайқызы Жұманова - Шымкент қаласының орталықтандырылған көпшілік кітапханалар жүйесінің директоры.
10. Зәуре Оралбаева – «Әділет» телеарнасының бас редакторы.
11. Бақтияр Тайжан - Қазақстан Журналистер одағының «Қазақстанның Құрметті журналисі» атағының иегері, «Шымкент ақпарат орталығы» ЖШС директорының кеңесшісі және орынбасары, ардагер журналист.
12. Жолдасбекова Ләззат Оңғарбекқызы - ф.ғ.к., «Қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрасының аға оқытушысы.
13. Амирова Гаухар Оразбайқызы - PhD, «Қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрасының аға оқытушысы.
14. Таджиев Хамидулла Хабибуллаевич - PhD, «Қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрасының доценті.
15. Кайимов Мұхаммеджан Абдухалыкович - PhD, «Қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрасының аға оқытушысы.